

«B0050200 – Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шакеева Ботақоз Рахымбековнаның «Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптау аясындағы қазақ этникалығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

**СЫН-ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған	Диссертациялық жұмыс кәзіргі қазақстандық қоғамның күрделі де өзекті мәселесін зерттеуге арналған. Қазақстан қоғамның полиэтносты ерекшеліктеріне қарамастан өзінің жүргізіп отырған ұтымды этносаясатының нәтижесінде ұлтаралық келісім мен этносаралық татулықты үйлесімді сақтап отыр. Егемен еліміз мемлекеттік және ұлттық құрылысты қалыптастыру барысында қазақстандық қоғамның ұлттық бірегейлігін анықтауды тиімді жүзеге асырып келеді. Бірақ Қазақстанның ұлттық бірегейлігі тек әлеуметтік-саяси аспектілерден ғана тұрмайды, оның құрамында этномәдени аспектілер де маңызды орынды алады. Демек, елде ұлттық бірегейліктің қалыптасуына қазақ этникалығы факторының өзіндік ықпалы бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Осы орайда диссертация тақырыбы бүгінгі күні елімізде қабылданған маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттардың негізгі бағыттарына сәйкес келетіндігін атап айту керек. Мәселен, диссертациялық жұмыс «Қазақстан - 2050» Стратегиясы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы» сияқты мемлекеттік деңгейде маңызы бар бағдарламаларды басшылыққа алуымен сипатталады.
			Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтында жүзеге асырылған (BR05236488) «Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру» (2018-2020 жж.) бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасы аясында 2019 жылдың сәуір-шілде айларында жүргізілген сандық және сапалық әлеуметтанулық

		<p>(бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылым-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>зерттеулердің деректеріне негізделіп жазылды.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертацияның өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы мейлінше толық қамтылған. Осыған орай диссертациялық жұмыс төмендегідей жаңашылдығымен ғылымға елеулі үлес қосады деп есептеймін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ұлттық бірегейлік феноменін талдауда примордиалистік, конструктивистік және инструменталды теорияларының өзара байланыстылығы дәлелденді;</li> <li>- «этникалық» категориясы анықталып, қазақ этникалығының тіл мен рулық қатынастар сияқты негізгі нышандары талданды;</li> <li>- қазақ этносына батыс және шығыс векторының ықпалы талданып, қазақ этникалығының даму эволюциясын көрсетуде өзіндік классификация ұсынылды;</li> <li>- қазіргі уақытта рулық қатынастардың қайта жандануы квазитрайбализм түрінде жүзеге асатыны анықталды;</li> <li>- қазақ тілінің қазақстандық бірегейлікті қалыптастырушы фактор ретіндегі орны мен рөлі анықталды;</li> <li>- Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың тиімді жолы болып этномәдени және азаматтық ұстанымдарының біріктірілген формасы мен релевантты синтезі ұсынылды.</li> </ul> <p>Диссертацияның теориялық және практикалық маңыздылығы мен оның тұжырымдары алдағы уақытта ұлттық саясаттың басым бағыттарын әзірлеуге және маңызды мәселелерін шешуге негіз болуымен айқындалады.</p>
3.	Өзі жазу принципін	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Б.Р. Шакеваның докторлық диссертациясын жазу барысында жүргізген зерттеу жұмысының деңгейін жоғары деп есептеймін. Ізденушінің қорғауға ұсынылған тұжырымдарын негізге ала отырып, зерттеу өзектілігімен байланысты ғылымның тұжырымдар жасауынан және зерттеу мен талдау жасау үлгісінен автордың өзіндік жазу деңгейі мен стилін көруге болады.</p>

			<p>Диссертант ұсынған әрбір нәтижелер мен тұжырымдардың жекелеген ерекшеліктері мен олардың өз алдына жанашылдығын ерекше атап көрсеткім келеді. Сондай-ақ, автор өз бетімен Алматы облысындағы Жамбыл ауданы, Қасымбек ауылында, Енбекшіказак ауданы, Көктөбе, Масак ауылдарында, Іле ауданы Ынтымак ауылында элеуметтанулық-антропологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, соның тың нәтижелерін жұмыста тиімді қолдана білген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  1) негізделген;  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың авторы зерттеу өзектілігін толықтай және дәйекті ашып көрсеткен. Шын мәнінде Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастыру тақырыбына арналған бірқатар кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары бар. Алайда, қазақстандық ғылыми дискурста ұлттық бірегейліктің қалыптасуына казак этникалығының ықпалын зерттеу тақырыбына қатысты еңбектер әлі де жеткіліксіз екенін айта кеткен жөн. Сондықтан аталған диссертация жұмысы қазіргі уақытта өзекті зерттеу тақырыбы болып табылады және осы тақырыпта жазылған қазақстандық ғылыми еңбектердің қатарын толықтыра түседі деп айтқым келеді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  1) айқындайды;  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>Б.Р. Шакееваның диссертациясының мазмұны «Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу аясындағы казак этникалығы» тақырыбында жүргізілген зерттеу жұмысына толығымен сәйкес келеді. Диссертацияның бірінші теориялық бөлімі тақырыпқа сай толық ашылған. Автор ұлттық бірегейлікті зерттеуде батыстық және отандық ғылымдағы негізгі теориялар мен әдіснамаларға жүгініп, оларға жеке-жеке талдау жасайды. «Этникалық» ұғымын анықтауда автор ғылымдағы қалыптасқан бір-біріне қарама-қайшы тұжырымдарға кенінен тоқталып, оларды салыстыра отырып, өз тарапынан анықтама беруге тырысады. Екінші бөлімде казак этникалығының тарихтағы даму эволюциясын қарастырып, оның қалыптасуындағы негізгі екі бағытқа кеңінен тоқталады. Сандық және сапалық зерттеулер жүргізу барысында алынған нәтижелерге сүйене отырып, казак этникалығының ұлттық бірегейліктің қалыптасуына ықпалын ашып көрсетеді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері «Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу аясындағы казак этникалығы»</p>

	<p>1) сәйкес келеді;  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>тақырыбында жүргізілген зерттеу жұмысына толығымен сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының бірінші міндеті бойынша әлемдік және қазақстандық ғылыми әлебиеттердегі ұлттық бірегейлік концепциясын талдаудың негізгі тәсілдерін қарастыра отырып, Қазақстанның бүгінгі шынайылығына толығымен сәйкес келетін ұлттық бірегейлік теориясын талдап көрсетеді. Диссертацияда қойылған екінші міндет бойынша «этникалық» терминнің жете талдап, әртүрлі батыстық концепциялар мен тәсілдерді қарастырып, қазақ этникалығының негізгі аспектілерін ашып көрсетуге тырысты. Зерттеудің үшінші міндетіне сәйкес Қазақстанның ұлттық бірегейлігінің қалыптасуындағы қазақ этникалығының тарихи дамуына батыс және шығыс векторларының ықпалын көрсету арқылы даму эволюциясының ерекшеліктерін айқындайды. Төртінші қадам ретінде өзіндік сапалық зерттеу жұмысын жасап, қазіргі кезеңдегі қазақ этникалығының генеалогиялық параметрлерінің әсерін ашып көрсетуге талпынады. Жұмыстың бесінші міндеті бойынша, тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ тілінің рөлі мен орны және оның жалпы қазақ халқының болмысының қалыптасуына әсерін сандық және сапалық зерттеу нәтижелері негізінде зерттеді. Жұмыстың алтыншы міндеті бойынша, қазақ этникалығының трансформациясын қоғамдық сананы жаңғырту үрдісі шеңберінде бағалауға тырысты. Осылайша, автор зерттеу мақсатына жету үшін міндеттерін логикалық түрде құрастырып, қорытынды тұжырымдарын ұсынған.</p> <p>Диссертацияның негізгі мазмұны ғылыми әрі теориялық-әдіснамалық тұрғыдағы біртұтас құрылыммен ерекшеленеді. Бөлімдер мен бөлімшелердің арасында логикалық байланыс байқалады, жүйелілік, бірізділік орын алған. Алынған ғылыми нәтижелердің ішкі байланысы күмән туғызбайды.</p> <p>Б.Р. Шақеева Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті зерттеген шетелдік және отандық сарапшылардың еңбектерін талдап шықты. Толық сыни талдаудың нәтижесінде қазақ этникалығының ерекшеліктерін белгілеп, оның ұлттық бірегейлікке ықпалын талдап көрсетті. Сондай-ақ, алғаш рет ғылыми тұрғыда рулық қатынастардың қазіргі кездегі рөлін айқындап берді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  1) толық байланысқан;  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  1) сыни талдау бар;  2) талдау жартылай жүргізілген;</p>	

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автордың ұсынып отырған 4 тұжырымдамасы толығымен жаңашылдығымен ерекшеленеді.</p> <p>- Біріншіден, зерттеуде казак этникалығының этномәдени аспектілерін талдауда примордиалистік тәсілді, ал азаматтық бірегейленуді талдауда конструктивтік тәсілді тиімді қолданған.</p> <p>- Рулық қатынастардың қоғамда қалпына келген дәстүршілдік емес, өздерінің жеке мүдделері үшін бір-бірімен сенімді және жақын қарым-қатынас орнатуға қолданылатын құралдардың бірі ретінде қолданылатыны дәлелденді.</p> <p>- Автор диссертацияда Қазақстан Республикасындағы казак тілінің мәртебесі мәселесін қарастыру кезінде кейбір шетел мемлекеттеріндегі тіл саясаты мәселесінің жүзеге асырылу ерекшеліктерін ескере отырып, салыстырмалы түрде талдау жасады.</p> <p>- Алғаш рет казак этникалығының эволюциясы жүйелі түрде зерттеліп, оның ұлттық бірегейлікке ықпалы талданды. Қазақстанда ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда көпмәдениеттілік және этникалық пен азаматтық бірегейліктің арасында тепе-теңдікті табу қажет екені ұсынылды.</p>
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?	<p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысында ұсынып отырған қорытындылары толығымен жаңа деп айтуға болады. Диссертация қазақстандық қоғам үшін өзекті мәселелерді көтерген, ғылыми-әдістемелік аппараты сауатты құрылып, негізгі қорытындылары мен тұжырымдары мазмұнды, дәлелді баяндалған. Диссертант әрбір ғылыми нәтижені және қорытындыларды негіздеуде осы мәселеге қатысты ғылыми ізденістер жасап, зерттеу тақырыбына қатысты жарияланған еңбектерге, шетелдік және отандық ғалымдардың жұмыстарына сүйенген. Жалпы зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі және дәйектелу деңгейі ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді деп қорытындылауға болады.</p>
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері		<p>Ізденуші зерттеу жұмысын талдау кезінде қабылдаған барлық шешімдер негізделген. Сонымен қатар, диссертант зерттеуде</p>

		<p>жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>эмпирикалық деректерді жинау, талдау техникасын, сандық және сапалық зерттеу әдістерін қолдану техникасын алдын ала ойластырып, оны қолдану негіздемесін жасаған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Б.Р. Шакееваның диссертациясында ұсынған барлық қорытындылары ғылыми тұрғыда ауқымды шетелдік және отандық зерттеушілердің дәлелдемелеріне және эмпирикалық зерттеу барысында алынған нәтижелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?  1) дәлелденді;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?  1) ия;  2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) кең</p> <p>7.5 Мақалала дәлелденген бе?  1) ия;  2) жоқ</p>	<p>Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар толығымен дәлелденді:</p> <p>1. Қазақ этникалығы мен қазақстандық бірегейлікті талдауда кешенді ғылыми-зерттеу тәсілдері қолданып, жағдаяттық сипатты иеленуі тиіс.</p> <p>2. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін шежіреге деген қызығушылық артып, саясатта және қазақтың күнделікті өмірінде генеалогиялық фактордың рөлін өзгертті. Диссертация шеңберінде жүргізілген зерттеулер нәтижелері рулық қатынастардың қайта жаңғыруы жағдайында квазитрайбализм түрінде көрініс табатыны дәлелденді.</p> <p>3. Бүгінгі күні тіл саясаты және қазақ тілінің қазақстандық қоғамда мәртебесін көтеру үшін уақытты және кешенді ұзақ сатылы ұйымдастырылған шараларды қажет етеді деген қорытындына келді.</p> <p>4. Қазақстан үшін ұлттық бірегейлік мәселесінде этникалық және азаматтық бірегейлік пен көпмәдениеттілік арасындағы тепе-теңдікті тауып, олардың арасында шеберлікпен іс-қимыл жасау маңызды екені талданды.</p> <p>Бұл тұжырымдар ҚР ҒЖБМ БҒСБК бекіткен ғылыми журналда және халықаралық және отандық ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жарияланды. Сонымен қатар Scopus деректер базасына енген «Central Asia and Caucasus» журналында ««Tribalism in Kazakhstan»</p>

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	tradition reborn or social instrument» макаласы жарияланды. Диссертацияда автор бірнеше әдістемені тандап, оны қолданудың нақты негіздемесін жасады. Азаматтардың этникалық бірегейлігінің ерекшеліктерін анықтауда тіл мен рулық қатынастардың рөлін зерттеу үшін қалаларда және ауылдарда сандық сауалнама және тереңдетілген сұхбат сияқты сапалық әлеуметтанулық-антропологиялық әдістер қолданылды. Сонымен бірге, талдаудың құжаттық әдісі ұлттық саясат саласындағы мемлекеттік бағдарламалық құжаттарға, тиісті нормативтік құқықтық актілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалаларға талдау жасауда қолданылды. Қазақ этникалығының саяси және әлеуметтік функциялары ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін қалай өзгергенін түсіну үшін тарихи әдіс қолданылды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста сандық зерттеу әдісінде компьютерлік технологиялар қолданы. Атап айтқанда, сауалнама планшеттік сауалнама әдістемесін (CAPI/TAPI техникасы) пайдалана отырып, жүргізілді. Жалпы алғанда Қазақстан бойынша 1800 адам қатысты. Ал мәліметтер базасын өңдеу IBM SPSS арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен іске асырылды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда жасалынған барлық қорытындылар эмпирикалық зерттеу нәтижелерінің негізінде жасалынған. Эмпирикалық база ретінде «Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру» (2018-2020 жж.) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында 2019 жылдың сәуір-шілде айларында жүргізілген сандық және сапалық әлеуметтанулық зерттеулердің деректері пайдаланылды. Сондай-ақ, 2020 жылы Алматы облысының бірнеше ауылында жүргізілген тәуелсіз 25-тен аса сапалы әлеуметтік-антропологиялық зерттеулердің деректері де сараланды.
		8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара	Диссертант өз зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми тұжырымдарын өзекті зерттеу жұмыстарға сүйене отырып, сілтемелерді көрсету арқылы дәлелдеп жазды.

9	Практикалық құндылық принциптері	<p>расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста 230 әдебиетке сілтеме жасалынған. Соның ішінде жарияланған өзінің еңбектеріне де сілтеме жасап көрсеткен. Автор диссертациялық жұмысты жазу кезінде шетелдік және отандық зерттеушілердің танымал еңбектерін қарастырған. Олардың ішінде кітаптар, монографиялар, заңдар, интернет мақалалар, мемлекеттік бағдарламалар, заңдар, интернет порталындағы ақпараттар бар. Қолданылған әдебиеттердің басым бөлігі жаңа, оны соңғы бес жыл көлемінде шыққан еңбектер құрайды.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңыздылығы оның тұжырымдары ұлттық саясаттың өзекті мәселелерін әзірлеуге және шешуге негіз болуымен айқындалады. Сондықтан зерттеу нәтижелерін Қазақстанның ұлттық бірегейлігінің одан әрі дамуының тарихи генезисі мен траекториясының қалыптасуының біртұтас ғылыми теориясын негіздеудің дереккөздерінің бірі ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар, ғылыми жұмыс материалдарын еліміздің жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, саясаттану, әлеуметтану, тарих, ұлтаралық және этносаралық қарым-қатынастар саласы бойынша бакалаврлар мен магистранттар үшін арнайы курстарды оқытуда, дәрістер мен семинар сабақтарын жүргізуде пайдалануға болады. Осыған орай ізденушінің қол жеткізген ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерінің теориялық маңызы зор деп айтуға болады.</p>
			<p>Ғылыми және практикалық жағынан алғанда диссертациялық жұмыс «Қазақстан - 2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» және «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» идеясы шеңберінде қоғам мен мемлекеттік органдар алдында қойған талаптары бойынша маңызы зор екенін атап өтуге болады. Сонымен бірге диссертацияның тұжырымдары мен қорытындылары мемлекеттік және ұлттық саясаттың бағдарламаларына, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тұрғысынан қарастырғанда жаңа үдерісті орнықтыруға ғылыми алғышарт болатыны анық. Осыған орай ізденушінің қол жеткізген ғылыми</p>



			тұжырымдары мен нәтижелерінің практикалық маңызы зор деп айтуға негіз бар.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Б.Р. Шакееваның диссертациялық жұмысындағы практикалық ұсыныстары толығымен жаңа және ғылыми тұрғыдан негізделген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Автордың диссертациялық жұмыстағы академиялық жазу сапасын жоғары деп бағалауға болады. Зерттеу жұмысының мәтіні логикаға сай құрастырылып, ұсынып отырған ақпаратты үйлесімді. Қолданылған сілтемелер мәтінге сай келеді. Абзацтар мен сөйлемдер арасында байланыс дұрыс сақталған.

Б.Р. Шакееваның «Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу аясындағы қазақ этникалығы» тақырыбына жазылған диссертациясының мазмұны және ресімделуі ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы Шакеева Ботакоз Рахимбековна «6D050200 - Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толығымен лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**  
саяси ғылымдарының докторы, доцент,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті академиялық мәселелер бойынша  
департаменті директорының орынбасары

